

Бекітемін

«Назира Айна» бөбекжай
балабақшасы ЖШС-інің

Менгеруші М.А.Достаева



**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС
ЖОСПАРЫ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫ**

№	Отырыс тақырыбы	Қатысушылар санаты	Аяқталу нысаны
ҚЫРКҮЙЕК			
1	1.Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2.Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. 3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Кеңес мүшелері	Хаттама
ЖЕЛТОҚСАН			
2	1.Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2.Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. 3.Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.	Кеңес мүшелері	Хаттама
НАУРЫЗ			

3	1.Білім беру процесінің барлық катысушыларымен қарым-катынаста педагогтердің педагогикалық этиканы сақтауын мониторингтеу. 2 .Іскерлік ойын«Тәртіп не үшінқажет» Заңды сақтаудың артықшылығы. 3. Еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық эдепті бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсынымдар жасау.	Кеңес мүшелері	Хаттама
МАУСЫМ			
4	1.Кеңес мүшелерінің 2026-2027жылғы қызметін талдау. 2.МДҰ басшысына педагогтерді көтермелеу туралы ұсыныстар енгізу.	Кеңес мүшелері	Хаттама

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Аманкелді ауылы

04 қыркүйек 2026 жыл

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп кеңес төрайымы: М.А.Достаева

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері: А.С.Ақжигитова

Барлық педагогтар

Күн тәртібінде:

1.Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.

Кеңес төрайымы : М.А.Достаева

2.Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

Кеңес мүшесі : А.Ақжигитова

3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Кеңес мүшесі : Л.Сапатаева

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы М.А.Достаева

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар.

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті

мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі б/б А.С.Ақжигитова педагог

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы –ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, тәрбиеші балаларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Педагог киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті педагог балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа адам кіріп келгенде педагогке орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Балабақшаның ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады .

Үшінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі б/б тәрбиешісі Л.Е.Спатаева

Педагог ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы

Кеңес шешімі:

1. Педагогтардың өз әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыру.
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. Педагогтермен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы:

Достаева

КЖИГИТОВА

